

"Наркологиялық ұйымнан  
анықтама беру" мемлекеттік  
қызмет көрсету қағидаларына  
қосымша

**"Наркологиялық ұйымнан анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

1.	Қызмет берушінің атауы	Денсаулық сақтау ұйымдары
2.	Көрсетілетін қызметті алушының атауы	Жеке тұлғалар
3.	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы
4.	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	Көрсетілетін қызметті алушы порталға сұрау берген сәттен бастап – 30 (отыз) минут
5.	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық
6.	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының қосымшасына сәйкес электрондық құжат нысанындағы диспансерлік бақылауда тұрғаны/тұрмағаны туралы анықтама.
7.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
8.	Жұмыс кестесі	Портал жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы.
9.	Мемлекеттік қызметтер көрсету үшін қажетті құжаттар тізімі	Электрондық сұрау салу
10.	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	Сұрау салу жасалған адамның келісімінің болмауы
11.	Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Үшінші тұлғалардың қызметті алу шарттары: Порталдағы "жеке кабинеттен" ұсынылған мәліметтер сұратылып отырған тұлғаның келісімі болған жағдайда, сондай-ақ порталдағы хабарламаға жауап ретінде бір реттік парольді беру жолымен немесе қысқа мәтіндік хабарламаны

		жіберу жолымен субъектінің порталда тіркелген ұялы байланыстың абоненттік нөмірі арқылы үшінші тұлғалардың электрондық сұрау салуы.
--	--	---